

**«Дәрілік заттар» баға ұсынымдарын сұрату тәсілімен сатып алуды  
өткізу туралы хабарландыру**

Сатып алуды ұйымдастырушы және Тапсырыс беруші: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 1 қалалық емхана» ШЖҚ МКК, заңды және нақты мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, С.Сейфуллин көшесі, 28 үй. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 маусымдағы «Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» № 375 қаулыдағы 9 тарауға сәйкес «Дәрілік заттар» сатып алуын өткізетіндігін хабарлайды (№1 қосымша).

Баға ұсыныстарын сұратуды сатып алуға Ережелердің 3-тарауында көрсетілген біліктілік талаптарына жауап беретін барлық әлеуетті өнім берушілер жіберіледі.

**Жеткізу мерзімі:** Тапсырыс берушінің өтініші бойынша 2021 жылдың ішінде.

**Жеткізу орны:** Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Сейфуллин к-сі, 28. Баға ұсыныстары бар конверттерді ұсыну мерзімі – 2021 жылғы 10 тамыздан бастап 08 сағат 00 минуттан бастап 2021 жылғы 16 тамызға дейін 10 сағат 00 минутке дейінгі аралық.

Баға ұсыныстары бар мөрленген конверт жұмыс күндері Нұр-Сұлтан қаласы, С. Сейфуллин көшесі, 28 үй, 202 кабинетке жергілікті уақыт бойынша сағат 08.00-ден 17.00-ге дейін (үзіліс 12.30-14.00) ұсынылуы немесе пошта арқылы жіберілуі тиіс.

Баға ұсыныстары бар конверттерді ұсынудың соңғы мерзімі – 2021 жылғы 16 тамыз 10 сағат 00 мин.

Конверттер 2021 жылғы 16 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат 11-00-де Нұр-Сұлтан қаласы, С. Сейфуллин көшесі, 28 үй, 202 кабинет мекен-жайында жүргізіледі.

Әлеуетті өнім беруші баға ұсынысына тауарды жеткізуге байланысты барлық шығыстарды қосуы қажет.

Конвертте денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша баға ұсынымы, лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімі арқылы рұқсат беру органдары жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаның қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға рұқсаты, сондай-ақ ұсынылатын тауарлардың Ереженің 4-тарауында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар болуға тиіс.

**Ескертпе:** хабарландырудың №1 қосымшасында сатып алынатын тауарлардың толық тізбесі, олардың саны және толық сипаттамасы көрсетілген.

Қосымша анықтамалар мен ақпаратты келесі телефон нөмірлері арқылы алуға болады:

Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі менеджер Аубакирова Г.Н.  
8(7172) 32-24-33

Бас медбике Достаева Н.Д. тел.326505

Дәріхана меңгерушісі Байгабулова И.С. 8(7172)325559